

БЕКІТЕМІН
«Балдәурен» бөбекжай балабақша
меңгерушісі:.....Г.Жанибекова
«.....» «.....» 2021 жыл



"Баланы қалай тәрбиелеу керек"

Ата-аналармен жүргізілетін психологиялық тренинг бағдарламасы



Балабақша психологі: Р.Ходжакулова

Мақсаты: ата – аналар мен балалабақша арасындағы қарым – қатынасты нығайту, оқу жылында жүргізілген жұмыс қорытындысын көрсету.

Барысы:

1. «Биік мұнара»

Мақсаты: ата – аналар мен мұғалімдердің бір ситуациялық жағдайдан шығу мүмкіндігін көрсету, жағымды эмоциялық қарым – қатынасты нығайту.

Шарты: 4 – 5 минут беріледі. Екі топқа бөлінеді. Екі топқа 15 данадан ақ қағаз таратылып беріледі. Берілген қағаздан биік мұнара, әрі бір орында тұрып қозғалмайтын болатындай етіп құрастыруы қажет. Қағазға қосымша тіреуіш заттар және тағыда басқа жағдайларға қажетіне қарай құраса болады.

2. «Еңбек ағашы»

Мақсаты: жұмыс еңбегінің нәтижесін көрсету.

Шарты: топ мүшелері бірлесе жұмыс жасайды. Нәтижесінде еңбек ағашы пайда болады.

Бұталарға – ата – ана қандай болу керектігін жазып жапсырады.

Жапырақтарға – мұғалімдердің қандай болу керектігін жазады.

Гүлдерге – ата – ана мен мұғалім еңбегінің нәтижесі қандай болу керектігін жазады.

Жемістерге – бала қандай болу керектігін жазады.

Міне сіздер еңбек ағашын құрастырып шықтыңыздар. Бұл сіздердің еңбектеріңіз.

3. «Отбасылық символ»

Мақсаты: ата – аналар мен топ тәрбиешілері бірігіп берілген тапсырманы орындап шығуы қажет.

Шарты: екі топқа түрлі мата қиындылары мен плакат тағыда басқа заттар беріледі. Осы заттардан отбасылық символды құрастырып шығуы қажет. Отбасылық символға(бала, ана, әке тағыда басқа бейнелер көрінісі болады.)

Қорытынды:

- Ойыннан алған әсерлері;
- Қандай ой түйгендігі; жайлы сұрақтар қойылып, қорытынды ой пікірлері тыңдалады.